

М. М. Құсанов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов Қарағанды Академиясының 2-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: Ж. Ш. Құсайынов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов Қарағанды Академиясының криминалистика кафедрасының оқытушысы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДАН ЖАУАП АЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кәмелетке толмаған құқық бұзушының психологиялық, жас ерекшеліктерін назарға ала отырып, заң шығарушы осы категориядағы істерді тергеу мен сотта қараудың ерекше түрлерін қарастырған. Олар кәмелетке толмағандардың мүддесін қорғаудың қосымша кепілдіктері ретінде қызмет атқарады.

Бұл нормалардың бірінші кезектегі міндеті — тұлғаның заңды мүдделері мен құқықтарын бұзуды болдырмау, қылмыстық сот ісін жүргізудегі қатал заңдылықты қамтамасыз ету және сот әділдігінің заңда белгіленген мақсаттарына жету. Қылмыстық іс жүргізудің кәмелетке толмаған қатысушылары — бұл құқықтың, оның ішінде қылмыстық істерді жүргізу құқығының ерекше субъектілері. Олар құқық пен заңда танылған мүдделердің үлкен шеңберін иеленеді, бірақ өз құқықтарын толық көлемде қорғауға және іске асыруға қабілеттері жетпейді.

Сондықтан жасөспірімдер үшін олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің ерекше кепілдері бекітілген. Оларға негізінен, қорғаушының, заңды өкілдің міндетті түрде қатысуы, жасөспірімнің интеллектуалдық, ерік-жігер, психикалық даму деңгейін анықтау үшін психологиялық сараптамадан өткізу және т. б. жатады.

Адамның дамуы өте күрделі, ұзақ жүретін процесс болып табылады. Мұндағы жауапты кезеңдердің бірі — өтпелі жас деп аталатын жеткіншек алдыжас. (15-16-дан 17-18 жасқа де-

йін). Бұл кезеңде адамның физикалық пісіп-жетілуі ғана емес, сонымен бірге тұлғаның қарқынды түрде қалыптасуы, моральдық және зияттық күштерінің қуат алуы жүзеге асады.

Осы жаста көп кездесетін мінез-құлық кемшіліктерінің бірі-қырсықтық. Кәмелетке толмаған сезіктінің немесе айыпкердің қырсықтығына тергеуші істелген қылмыстың мән-жайын, ұрланған мүлік пен қылмыс құралының орналасқан жерін, қылмысқа қатысушыны анықтау кезіндегі жауап алуда тап келуі мүмкін. Сондай-ақ, тергеуші жасөспірімнің қырсылыққа жақынырақ сапасы өтірікшілікпен де соқтығуы мүмкін.

Өтірікке түрткі болатын нәрселер көбінесе: а) жауапкершілік пен жазадан қорқу; ә) қылмысқа қатысушылар немесе олардың туыстары мен достары тарапынан кек алу қорқынышы; б) достықты дұрыс түсінбеушілік және осыған байланысты «сатқын» атанудан қорқу; в) құрдастарының назарын аудару, таңғалысын тудыру тілегі.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы кәмелетке толмағандар ісін жүргізудің ерекшелігіне байланысты Қазақстан Республикасының іс жүргізу кодексінде жеке тарауға бөлінген нормалар жүйесін құрайтынына, кәмелетке толмағандар істері бойынша іс жүргізу тәртібін реттеп және тұтастай алғанда осы категориядағы істерге ерекше маңыз беретіндігіне қарамастан, дегенмен кәмелетке толмағандар ісін жүргізуге қатысты кейбір мәселелерді зерттеу қажет болып отыр.

А. Ф. Кони айтқандай, — «қылмыстық процесс судьяларды (төрешілерді) тірі адамнен бетпе-бет қояды, бұл сотқа әрбір істі дұрыс шешу үшін ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл жауапкершілік, сотталушы орындығында кәмелетке толмаған бала, яғни көзқарастары, түсініктері қалыптаспаған жасөспірім отырса, бірнеше есе өседі»¹.

Менің ұсынысым: Жауап алу мақсатында мемлекет тарапынан жасөспірімге психологтың бөлінуі.

¹ Берсугурова Л. «Правовая реформа в Казахстане», — № 1. 1999. — С. 39.² Дарбаев С. Преступления несовершеннолетних и их ответственность перед законом. — «Тураби», — № 3, 1997. — С. 95-96.